

<b>11 сынып</b>	<b>Пәні: Қазақ тілі</b>	
Тақырыбы	Жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты қағидалар.	
Мақсаты	Жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты қағидаларды меңгерту, өз ойын еркін жеткізе білуге, көркем сөйлеуге үйрету. АКТні қолдана білу құзіреттілігін арттыру.	
Күтілетін нәтиже	А. Шешендік сөздегі риторикалық канондарды еске түсіреді, санап айтады. Жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты қағидаларды өз сөзімен мазмұндап айтады. Сөзге сөзсазындылық талдау жасайды.	
	В. Жұрт алдында сөйлеуге дайындық жолдары мен жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты қағидалардың ерекшелігімен айырмашылығын «Венн диаграммасына» жазып көрсетеді. 162-тапсырманы рөлге бөліп ойнайды. Қарамен жазылған сөздің мәнін ашып, сөз құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына талдайды.	
	С. Мәтіндегі астарлы мағынаны ажыратады. Сөйлемді синтаксистік бірліктерге талдайды, «Қазақ биі - Мөңке» слайд дайындап, презентациялайды.	
Дереккөздер, құрал-жабдықтар	11сынып. Қазақ тілі оқулығы. Интернет желісіне қосылған компьютер, интербелсенді тақта. «Жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты қағидалар» слайд.	
Сабақтың барысы:	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті
Кіріспе	<p><i>I.Тұлғаарарық байланысты орнату.</i> Сыныппен амандасу. Оқушыларды топқа бөлу.</p> <p><i>II.Сыныптың білім деңгейін анықтау.</i></p> <p>1.Шешендік сөздегі риторикалық канондар дегеніміз не?</p> <p>2. Риторикалық канондардың бірінші бөлімі қалай аталады?</p> <p><i>III.Алдыңғы сабақты қысқаша қайталау.</i></p> <p>1.Болашақ мазмұнды ойды жүйелеп орналастыру (диспозиция) риторикалық канонның нешінші бөлімі?</p> <p>2.Сөзбен көркемдеу риторикалық канонның нешінші бөлімі?</p>	<p>Әр оқушы өзінің бойындағы жақсы қасиеттерін сын есімдермен қатыстырып айтады. Асем- көңілді, Нұрсұлтан – күлдіргіш. «Ғажайып», «Тамаша» тобына бөлу.</p> <p><u>Күтілетін жауап.</u></p> <p>1.Жұрт алдында сөйлеуде идеяның тууынан бастап, оның жүзеге асырылуының соңғы нүктесіне дейінгі аралықты қамтитын әрекеттер бес бөлімге тармақталады, олар ғылым тілінде риторикалық канондар деп аталады.</p> <p>2. Тақырыпты ойлап табу.</p> <p>1.Риторикалық канонның екінші бөлімі.</p> <p>2.Үшінші бөлімі. Мұнда шешеннің тіл мәдениеті мәнді</p>

	<p>3.Көпшілік алдында сөздің қандай қызметтері болады?  <i>ІҮ. Сабақ тақырыбын білдіретін мәселелерді анықтау.</i>  Оқушылар жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты қағидалар дегенді қалай түсінесіңдер?</p>	<p>болып саналады.  3.Көпшілік алдында аудиториямен байланыс жасау (коммуникативтік), тыңдаушылардың назарын аудару (апеллятивтік), сыпайылық таныту (комативтік), тыңдаушының көңілін аудару (эмотивті) т.б. қызметтері болады.  <i>Оқушылар өз ойларын айтады.</i></p>
Тұсаукесер	<p>Сөйлер алдындағы психологиялық дайындық сөйлеушінің тыңдарман жөнінде алдын ала хабардар болуын қажет етеді. Тыңдаушылардың жасы, жынысы, ұлты, білім деңгейі, кәсібі секілдірекшеліктерімен қоса, олардың жалпы саны мен кездесудің өтетін орны сынды мәселерді анықтап алғаны шарт.Біріншіден, «Не үшін сөйлеймін?», «не туралы сөйлеймін?», «Кімдерге сөйлеймін?», Екіншіден, «Оларға не айтамын?», «Қалай дұрыс айтуға болады?», «Қайткенде түсінікті болады?». Үшіншіден. «Тыңдаушыны қалай қызықтыруға болады?», «Қалай сендіруге болады?» деген сұрақтарға жауап іздеу керек. Шешен алдын-ала жоспарлаған жүйелі сөзді шашау шығармай жұп-жұмыр қалпында табиғи үйлесімділікке жеткізе білуі керек.</p>	
Негізгі бөлім	<p>Тапсырмалар.  <b>I.</b>Оқулықтан «Жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты қағидалар» тақырыбындағы мәтінді түсініп оқиды. Топта бір-біріне өз сөзіңмен баяндап түсіндір.  Жоғары, төмен мәртебелі сұрақтар дайында.  Мысалы, Цицеронның - Шешеннің ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту ғана емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпаудеген сөзін қалай түсінесің?  <b>II.</b> Жұрт алдында сөйлеуге дайындық жолдары мен жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты</p>	<p><u>I.Күтілетін жауаптар.</u>  <b>Жұрт алдында сөйлеуде ескерілетін басты қағидалар.</b>  1.Тыңдаушылардың білетін нәрсесін тәптіштеп қайта-қайта айтудан аулақ болу. Бұл – қателесуден сақтайды.  М.Балақаев: - «Дұрысында адам білмегендіктен қателеспейді, білгішсінгендіктен қателеседі», - дейді.  2.Өз сөзің қадірлі болсын десең, тыңдаушыңды қадірлей біл. Өзін өзгеден артық санап, мақтана сөйлеген жанның айтқаны далаға кетеді, өзі күлкі болады. Шешен неғұрлым қарапайым, достық ниетпен қарым-қатынас жасаса, соғұрлым беделді болады.  3.Сөйлеген сөздің анық, дәл түсінілуін ескеру. Бұл жерде шешен аудиторияның өзін тек</p>

қағидалардың ерекшелігімен айырмашылығын «Венн диаграммасына» жазып көрсет

**III. 1/А/. Жолаушылар, қуғыншы, кісінеген** сөзіне сөзсазындылық талдау жаса.

2. /В/.1. «Басықара датқа мен Мөңке бала» шешендік сөзін рөлге бөліп орында. 2. *Кебеже* сөзінің мәнін ашып, сөз құрамына, лексика-грамматикалық мағынасына талда.

3. /С/. 1. Мәтіндегі астарлы мағынаны тап.

- Мұнан әрі ел бар ма?
- Әттегеннің ауылы бар.
- Онан әрі кім бар?
- Тұнқатардың ауылы бар.
- Онан әрі ше?
- Танатардың ауылы бар?

2. Сөйлемді синтаксистік бірліктерге талда.

**IV.** Google іздеу жүйесінен Мөңке Тілеуұлы туралы ақпарат ізде, ақпаратты өңдеп «Қазақ биі - Мөңке» слайд дайында.


естіп қоймай, тыңдауына күш салу керек. Себебі тыңдау мен есту – екі бөлек дүние.

4. Сөз тартымдылығын арттыратын үлкен бір мәселе – шешеннің өзін-өзі ұстау әдебі екенін естен шығармаған абзал.

5. Аудиториямен жанды байланыс орната білуге ұмтылу. Сөздің тыңдаушыларды жалықтырмауын қадағалап, арасында оларды серпілтіп, жадыратып отыру қажет.

6. Сөздің қысқа ірі тұжырымды болуын ескеру.

**II.** Венн диаграммасы.



**III. А. Жолаушылар**

1. Бұл сөз айтылу, жасалу, жазылу жолдарына қарай – **жуан буынды** сөз.

2. *Жо-лау-шы-лар* болып төрт буынға бөлінеді. **Жо-**, **- шы** буындары – **ашық буындар**. **-лау,** **-лар** буындары – **бітеу буындар**.

3. Бұл сөз:

Жо-лау-шы-лар } болып үш жағдайда тасымалданады. Сөз буын жігіне сәйкес тасымалданған.

4. Екіпін **-лар** буынындағы **а** дауысты дыбысына түсіп тұр.

5. Сөзде түбір мен қосымшаның арасында буын үндестігі бар.

**Жолаушы+лар** **-(лар)**

6. Сөзде дыбыс үндестігі, түбір мен қосымшаның арасында ілгерінді ықпал бар.

**Жолаушы+лар** **-(дар);(-тер)**

**III.В.** «Басықара датқа мен Мөңке

		<p>бала» шешендік сөзін рөлге бөліп ойнайды. <b>Кебеже</b> – киім-кешек салатын сандықтың бір түрі. Сөз құрамына, лексика - грамматикалық мағынасына талдайды.</p> <p><b>Ш. С. 1.</b>Бұл диалогтегі астарлы мағына: Жолаушылар жүріп кетеді. Кейін өкінеді. Түн қатады. Таң атады. Жолдан адасады.</p> <p>2.Сөйлемді синтаксистік бірліктерге талдайды.</p> <p><b>ІҮ.</b>«Қазақ биі - Мөңке» слайд дайындап, презентациялайды.</p>
Қорытынды	<p>Оқушыларды бағалау.</p> <p>Үйге тапсырма:</p> <p>«Шешендік сөздің тірегі – шындық, көркі – әсемдік, мәні - табиғилық» тақырыбына эссе жазу.</p>	Оқушылар рефлексиясы.